

БАСПАСӨЗ-ПАРАҚШАСЫ

Қазақтелеком: нарықтық құбылмалылық аясында болашаққа инвестиция салуда

23.05.2025 ж.

Астана қ.

Қазақтелеком Қазақстан қор биржасында өзінің жай акцияларын сатуды уақытша тоқтату тұру туралы шешіміне қатысты ресми түсініктеме берді. **Басқарма төрағасының бірінші орынбасары А. Нұрқатов** түсіндіргендей, бұл динамика 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтерге үміткер акционерлердің тізілімін тіркеу процесі аяқталғаннан кейін іске қосылатын нарықтық тетіктердің табиғи салдары болып табылады.

«Дивидендтік геп деп аталатын мұндай түзетулер ұлттық және халықаралық қор алаңдарына тән нарықтың қалыпты техникалық реакциясын білдіреді. Біз дивидендтік төлемдер күткеннен кейінгі котировканың қарқынды өсуінен соң пайданы белкітуге ұмтылған қысқа мерзімді инвесторлардың шығуын байқап отырмыз», - деп атап өтті А.Нұрқатов.

Акцияларды ұстаушылардың негізгі бөлігін ұзақ мерзімді стратегиясы бар институционалдық инвесторлар құрайтын ірі шетелдік нарықтарға қарағанда, қазақстандық нарық негізінен бөлшек қатысушыларға бағдарланған. Бұл баға ауытқуларының амплитудасын күшейтеді және дивидендтерді кесу сияқты оқиғаларға баға белгілеулерінің сезімталдығын арттырады.

«Егер 2023 жылдың ортасында компанияның бір жай акциясының құны 30 мың теңгеден кем болса, онда телекоммуникация секторын монополиясыздандыру және мобильді оператордың капиталынан шығу жөніндегі бастамалар іске асырылғандықтан акциялар құнының тұрақты өсуі байқалды, ол 2025 жылғы мамырда — акционерлер тізілімі жабылғанға дейін рекордтық 58,4 мың теңгеге жетті», — деп толықтырды А.Нұрқатов.

2024 жылдың қорытындысы бойынша компанияның бүкіл тарихындағы ең жоғары көрсеткіш — бір қарапайым және артықшылықты акцияға 26 664 теңге 88 тиын мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. Бекітілген төлемдердің жалпы сомасы биыл қаңтар айында аяқталған «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің 100% үлесін сату жөніндегі мәміледен түсетін түсімдерді қоса алғанда, 293,4 миллиард теңгені құрады.

Уақытша бағаны түзетуге қарамастан, «Қазақтелеком» АҚ компанияның негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері, оның ішінде ақша ағынының тұрақты генерациясы мен жоғары рентабельділігі өзгеріссіз қалатынын атап көрсетеді. Бұл көрсеткіштер инвестициялық тартымдылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

«Бүгінгі нарықтық жағдай стратегиялық инвесторлар үшін қолайлы мүмкіндіктер ашады. Активтерді ағымдағы қайта бағалау – векторды цифрлық трансформацияға, жасанды интеллект үшін инфрақұрылымды дамытуға және технологиялық жаңғыртуға бөлу арқылы компания капиталына неғұрлым тартымды жағдайда кіруге мүмкіндік береді», — деп атап өтті телеком-оператор басшылығында.

Қазақтелеком тұрақты дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыруды жалғастыруда, оның екпіні жоғары технологиялық бағыттарға — жаңа буынның цифрлық шешімдеріне, ЖИ жүйелеріне және АКТ-инфрақұрылымына қарай бағытталған. Компания өзін Қазақстанның цифрлық тәуелсіздігінің катализаторы және елдің технологиялық егемендігінің белсенді драйвері ретінде қарастырады.

**«Қазақтелеком» АҚ Коммуникациялар және
брендті ілгерілету департаменті**